

Форма

Рабочая г



ПГУ 7.18.2/06

Ф СО

Қазақстан Республикасының ғылым және білім
миністірлігі

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік
университеті

Психология және педагогика кафедрасы

ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ

«Этнопедагогика» пәні

050119 – Шет тілі:екі шет тілі
мамандығының студенттеріне арналған

Павлодар

Лист утверждения
к рабочей программе
Форма
дисциплины, разраб. _____ ой
7.18.1/06
на основании государственного
общеобразовательного стандарта
образования специальности и
типового учебного плана



Ф СО ПГУ

**БЕКІТЕМІН
ОІ**

жөніндегі проректоры

Пфейфер Н.Э.

« ____ » _____ 200 ____ ж.

Құрастырушы: аға оқытушы Жунусова А.Р.

Психология және педагогика кафедрасы

Жұмыс бағдарламасы

**«Этнопедагогика» пәні бойынша
050119 - Шет тілі:екі шет тілі
мамандық студенттеріне арналған**

Жұмыс бағдарламасы мамандықтың Мемлекеттік стандарты және типтік оқу жоспары негізінде әзірленді. Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрлігінің Республикалық жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру оқуәдістемелік Кеңесінің 22.06.06 жылғы хаттамасының шешімімен бекітілген.

Кафедра мәжілісінде ұсынылды “ ____ ” _____ 200 ж.
Хаттама № _____

Кафедра меңгерушісі _____ Кертаева К.М.

Филология , журналистика және өнер факультетінің оқу әдістемелік кеңесінде мақұлданды
“ ____ ” _____ Хаттама № _____

ОӘК Төрайымы _____ М.В. Семенова

КЕЛІСІЛДІ

Факультет деканы _____ Ж.Т. Сарбалаев
“ ____ ” _____ 200 ж.

ОӘБ МАҚҰЛДАНДЫ

ОӘБ бастығы _____ Л.Т. Головерина “_____” _____ 200 ж.

1 Пәннің мақсаты мен міндеттері

1.1 Кіріспе

Қазақстан Республикасының әлемдік білімдік ғылыми-ақпараттық кеңестікке кірудегі ұмтылысы және оқытудың кредиттік технологияға өтуі психология-педагогикалық пәндердің мазмұнын сонымен бірге этнопедагогика курсына да қайта қарауды талап етеді.

Этнопедагогика курсының бағдарламасы ауқымды мәселелер; этникалық тәрбиенің заңдылықтары мен ерекшеліктерін, негізгі бағыттарын, тәрбиенің халықтық құралдарын, әдістері мен тәсілдерін, сондай-ақ халықтық педагогика идеялары мен тәжірибесін оқу-тәрбие процесінде жүзеге асырудың жолдарын қарастырады.

1.2 Пәнді оқу мақсаты: студенттерді халықтық педагогиканың негізгі идеялары және тәжірибелерімен таныстыру және оларды қазіргі оқу-тәрбие процесінде шығармашылықпен қолдана алу біліктері мен дағдыларын қалыптастыру;

1.3 Міндеттері:

- студенттерді этнопедагогикалық теориялар және концепциялармен таныстыру;
 - халықтық педагогика жайлы біртұтас ұғым қалыптастыру;
 - халық педагогикасының мақсаты, құралдары мен әдістері жайлы білімдермен қаруландыру;
 - сыныптан тыс этнопедагогикалық жұмысты жоспарлай алу білігін қалыптастыру;
- Этнопедагогика курсына оқып үйрену процесінде студенттер мыналарды білуі тиіс:
- этнопедагогиканың қазіргі қоғамдағы әлеуметтік орнын;
 - этнопедагогиканың тарихи дамуының негізгі кезеңдерін және қазіргі жағдайын;
 - этникалық тәрбиенің ерекшеліктері және оларды анықтаушы факторларды, халықтық тәрбиенің мазмұнын мен мақсатын, әдістер мен құралдарын;
 - халықтық педагогиканы мектептің оқу-тәрбие процесіне енгізудің қазіргі кездегі жағдайы және оны қолданудың негізгі жолдарын.

Сонымен қатар

- халықтық педагогиканың түрлі концепцияларын сыни, және шығармашылық тұрғыдан ұғына алу;
- нақты этнопедагогикалық материалды талдай білу, халықтық-педагогикалық құбылыстарға өз бетінше түсініктеме бере алу;
- түрлі этностардың озық тәрбие дәстүрлерін талдай, салыстыра және бағалай алу;
- педагогикалық міндеттерді шешуде этнопедагогикалық білімдерді практикалық тәжірибеде пайдалана алу;
- этнопедагогикалық зертеулердің методологиясын меңгеру;
- оқушы тұлғасына бағытталған педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыруды қамтамасыз ететін этнопедагогикалық және кәсіби-методикалық біліктердің болуы;

- тіл мен мәдениетті оқыту мен өзара байланысты әдістер мен тәсілдерді, соның ішінде интерактивті әдістерді меңгеру.

2 Пререквизиттер:

философия, қазақстан тарихы, психология, мамандыққа кіріспе, жас ерекшелік психологиясы.

Сабақ түрлері ұжымдық, топтық және жеке дара.

Курс аяқталған соң, меңгерілген білім бойынша студенттер емтихан тапсырады.



3. Пән мазмұны

3.1. Пәннің тақырыптық жоспары				
№	Тақырыптардың атауы	Сағаттар саны		
		Дәріс	Тәжіри б	СӨЖ
1	2	3	4	5
	Этнопедагогиканың теориялық негіздері.			
1	Этнопедагогика пәні және міндеттері.	0,5	1	2
2	Этнопедагогиканың тарихи даму жолы.		1	2
3	Этникалық тәрбиенің ерекшеліктері және оларды анықтаушы факторлар.		1	2
4	Халық идеалындағы "жетілген адам" және оны тәрбиелеу тәжірибесі.	1		2
	Халық педагогикасының мәні мен мазмұны.			
1	Отбасы тәрбиесі – халық педагогикасының негізгі өзегі.	1	1	2
2	Халық педагогикасындағы ақыл-ой тәрбиесі.	1		3
3	Баланы еңбекке баулу халық педагогикасының негізгі мақсаты.	1		3
4	Халық педагогикасындағы адамгершілік тәрбие идеялары мен тәжірибесі.		0,5	3
5	Эстетикалық тәрбие халық педагогикасының жетекші бағыты ретінде әсемдікке халықтық көзқарас.	1		3
6	Халық педагогикасындағы дене тәрбиесі мәселелері.		1	3
	Халық педагогикасы бойынша мектептегі әдістемелік жұмыс.			
1	Халық педагогикасын мектептің оқу-тәрбие процесіне енгізу - өзекті мәселе.	1	1	2

2	Халық педагогикасын оқу-тәрбие процесінде пайдалану жолдары.	1	1	3
Барлығы: 45с.		7,5	7,5	30
3.2. Сыртқы оқу бөліміне пәннің тақырыптық жоспары				
№	Тақырыптардың атауы	Сағаттар саны		
		Дәріс	Тәжіриб	СӨЖ
1	2	3	4	5
	Этнопедагогиканың теориялық негіздері.			
1	Этнопедагогика пәні және міндеттері.	1		3
2	Этнопедагогиканың тарихи даму жолы.			3
3	Этникалық тәрбиенің ерекшеліктері және оларды анықтаушы факторлар.	1		3
4	Халық идеалындағы "жетілген адам" және оны тәрбиелеу тәжірибесі.	1		3
	Халық педагогикасының мәні мен мазмұны.			
1	Отбасы тәрбиесі – халық педагогикасының негізгі өзегі.			3
2	Халық педагогикасындағы ақыл-ой тәрбиесі.	1		4
3	Баланы еңбекке баулу халық педагогикасының негізгі мақсаты.			3
4	Халық педагогикасындағы адамгершілік тәрбие идеялары мен тәжірибесі.	1		3
5	Эстетикалық тәрбие халық педагогикасының жетекші бағыты ретінде әсемдікке халықтық көзқарас.	1		3
6	Халық педагогикасындағы дене тәрбиесі мәселелері.			4
	Халық педагогикасы бойынша мектептегі әдістемелік жұмыс.			
1	Халық педагогикасын мектептің оқу-тәрбие процесіне енгізу - өзекті мәселе.			3
2	Халық педагогикасын оқу-тәрбие процесінде пайдалану жолдары.			4
Барлығы: 45		6		39

3.3. Теоретикалық курстың мазмұны

I Тарау. Этнопедагогиканың теориялық негіздері.

1 тақырып. Этнопедагогика пәні және міндеттері. Болашақ мұғалімнің кәсіби дайындығын қамтамасыз етудегі этнопедагогиканың алатын орны және ролі. Этнопедагогика ғылым ретінде. Этнопедагогика проблемаларын халықтың педагогикалық білімдері мен педагогикалық тәжірибесінің жиынтығы ретінде зерттеудің маңыздылығы.

2 тақырып. Этнопедагогиканың тарихи даму жолы. Этнопедагогика дамуының негізгі тарихи кезеңдері. Халықтық педагогикалық дәстүрлер педагогикалық ой дамуының негізі ретінде. Шетел және орыс педагогтары (Я.А.Коменский, И.Т.Песталоцци, К.Д.Ушинский және т.б.) еңбектеріндегі тәрбиенің халықтығы принципі. Кеңес дәуіріндегі этнопедагогикалық зерттеулер (Г. Н. Волков, Я. И. Ханбиков, Е.Н. Христова, Э. Днепров және т.б.).

Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі адам тәрбиесі жайлы, мінез-құлық нормалары мен ережелері жайлы халықтық түсініктер. "Қоркыт-ата" кітабы халық педагогикасы ескерткіші ретінде. Әл Фараби трактаттарындағы халықтық идеялар. М.Қашғари, Ж.Баласағұни түркілік тәрбие дәстүрлерін зерттеушілер ретінде. Қазақ педагогтары мен ағартушылары еңбектеріндегі халықтық тәрбие мәселелері (Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов және т.б.). Қазақстандағы этнопедагогика ғылымының қазіргі жағдайы және болашағы.

3 тақырып. Этникалық тәрбиенің ерекшеліктері және оларды анықтаушы факторлар. Тәрбиенің этникалық ерекшеліктері табиғи және тарихи жағдайлардың нәтижесі ретінде. Еңбек әрекеті, тұрмыс пен діннің халықтың педагогикалық мәдениетіне ықпалы.

4 тақырып. Халық идеалындағы "жетілген адам" және оны тәрбиелеу тәжірибесі. Тұлға жайлы халықтық түсінік. «Жетілген адам» халықтық тәрбиенің мақсаты ретінде, оның этникалық сипаты. Қазақ қоғамындағы тұлға идеалы.

II Тарау. Халық педагогикасының мәні мен мазмұны.

1 тақырып. Отбасы тәрбиесі – халық педагогикасының негізгі өзегі. Отбасылық дәстүрлі мәдениет халықтық рухани мәдениеттің құрамды бөлігі ретінде. Халық идеалындағы отбасы. Ата-ана - алғашқы тәрбиешілер. Балаға ата-ана жақындығының біліну формалары үлкендермен өзара қарым-қатынас әдебіне үйрету. Отбасындағы қыз және ер балалар тәрбиесінің ерекшеліктері. Дәстүрлер мен салттар жеткіншек ұрпақты отбасы өміріне дайындау құралдары ретінде.

2 тақырып. Халық педагогикасындағы ақыл-ой тәрбиесі. Ақыл-ой тәрбиесіне халықтық көзқарас. Балаларда білім, білік, дағды қалыптастырудың халықтық құралдары (ертегілер, жұмбақтар, эпостар, мақалдар, мәтелдер, жаңылтпаштар, санамақтар, арифметикалық тапсырмалар, дидактикалық ойындар және т.б.). Халықтық білімдер (халықтық медицина, халық календары және т.б.) және олардың дүниетанымдық және тәрбиелік маңызы. Халық педагогикасындағы ақыл-ой тәрбиесі идеялары мен тәжірибесін қазіргі педагогикалық процесте

пайдаланудың маңыздылығы.

3 тақырып. Баланы еңбекке баулу халық педагогикасының негізгі мақсаты. Еңбекке және еңбек тәрбиесіне халықтық көзқарас. Халықтың еңбек дәстүрлері және олардың педагогикалық мәні. Халық қолөнерінің тәрбиелік және білімдік маңызы. Халық педагогикасындағы балаларды еңбекке баулу құралдары мен әдістер. Еңбек дәстүрлерін мектептің оқу-тәрбие жұмысында пайдаланудың жолдары.

4 тақырып. Халық педагогикасындағы адамгершілік тәрбие идеялары мен тәжірибесі. Адамгершіліктің халықтық идеалдары. Дәстүрлер мен салттар халық педагогикасында адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі құралдары ретінде. Халықтық мерекелердің педагогикалық ролі.

5 тақырып. Эстетикалық тәрбие халық педагогикасының жетекші бағыты ретінде әсемдікке халықтық көзқарас. Халық педагогикасындағы эстетикалық тәрбиенің мақсаты мен міндеттері. Эстетикалық тәрбие берудің халықтық құралдары. Қолданбалы өнер тәрбие құралы ретінде. Дәстүрлі музыкалық мәдениет және оның педагогикалық ролі. Халық педагогикасындағы эстетикалық тәрбие әдістері.

6 тақырып. Халық педагогикасындағы дене тәрбиесі мәселелері. Салауатты ұрпақ тәрбиелеу халық педагогикасының басты мақсаты. Бала денесін шынықтырудың халықтық әдістері мен тәсілдері. Халықтық ойындар мен мерекелердің баланың бойында шыдамдылық, икемділік еріктілік сапаларын қалыптастырудағы ролі. Дене тәрбиесінің халықтық жүйесін оқушылардың денсаулығын нығайтуда пайдаланудың өзектілігі.

III Тарау. Халық педагогикасы бойынша мектептегі әдістемелік жұмыс.

1 тақырып. Халық педагогикасын мектептің оқу-тәрбие процесіне енгізу - өзекті мәселе.

Халық педагогикасын оқу-тәрбие процесіне енгізудің теориялық және методикалық мәселелерін зерттеудің өзектілігі. Халық педагогикасының оқу-тәрбие процесіне енгізілу жәйі.

2 тақырып. Халық педагогикасын оқу-тәрбие процесінде пайдалану жолдары. Мектептегі этнопедагогикалық жұмыстың мақсаты, міндеттері және негізгі бағыттары. Пән сабақтарының оқушыларға этникалық тәрбие берудегі ролі мен орны. Кластан тыс этнопедагогикалық жұмыс.

3.4. Семинар сабақтарының үлгі жобасы

1 тақырып. Этнопедагогика пәні мен міндеттері. Халық педагогикасының ғылыми педагогикамен өзара байланысы және өзара ықпалы. Этнопедагогикалық құбылыстарды зерттеуге түрлі көзқарастар. Проблеманың әлеуметтік-тарихи, этнографиялық аспектілері. Халық педагогикасын оқып үйренуге этномәдени көзқарас.

2 тақырып. Этнопедагогиканың зерттеу әдістері, қасиеттер қалыптастырудағы маңызы. Халықтық тәрбиедегі сезімге, санаға және мінез-құлыққа әсер ету әдістері. Өзара қарым-қатынастар жүйесі, дәстүрлер,

салттар мен әдет-ғұрыптар және олардың халық педагогикасын қалыптастырудағы ролі.

3 тақырып. Халық педагогикасының өзгешелігін анықтайтын факторлар. Ұлттық мінез және тәрбиенің этникалық жүйесі өзара тәуелді және өзара ықпал етуші факторлар. Ана тілі этникалық тәрбиенің жүйетүзуші негізі ретінде.

4 тақырып. «Жетілген адам» халық педагогикасында тәрбиенің басты мақсаты. “Жетілген адам” идеалын жүзеге асыру: жас ұрпақ өмірі мен әрекетін ұйымдастырудың кешенді формалары, тәрбие салаларының өзара байланысы. Тәрбиенің халықтық құралдары мен әдістері.

5 тақырып. Тәрбиенің халықтық құралдары мен әдістері. Тәрбиенің халықтық әдістерінің педагогикалық ролі. Сендіру, үлгі-өнеге, бұйрық, жаттығулар, түсініктемелер, үйрену, тілек-бата, ант, қорғау, мұқату, парыз-уағыз, жазалау әдістерінің маңызы. Әлпештеу, күлдіргі ойындар, санамақтар, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, ертегілер, жаңылтпаштар, эпостар, аңыздар, мифтік ұғымдар тәрбиенің халықтық құралдары.

6 тақырып. Халық педагогикасының негізгі бағыттары. Негізгі халықтық педагогикалық ұғымдар. Адамның өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі тануы ұғымдар туралы жалпы түсінік.

7 тақырып. Халық педагогикасының оқушыларға тұлғалық қасиеттер қалыптастырудағы маңызы. Халық этикасы. Халықтық адамгершілік идеалдарды оқушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастырудағы маңызы. Жеткіншек ұрпақты әсемдікті бағалауға баулудағы халық тәжірибесінің бүгінгі тәрбие мен оқыту міндеттерін шешудегі мүмкіндіктері.

8 тақырып. Халық педагогикасы идеялары мен тәжірибесін оқу-тәрбие процесінде пайдалану жолдары. "Атамекен", "Елім-ай" ұлттық бағдарламалары және олардың Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептердегі этнопедагогикалық жұмысты жүзеге асырудағы маңызы. Мектептегі этнопедагогикалық жұмысты ұйымдастырудағы мұғалімнің ролі.

3.5. Күндізгі оқу бөліміне арналған СӨЖ мазмұны

№	СӨЖ түрі	Есеп беру түрі	Бақылау түрі	Сағат көлемі
1	Тақырып бойынша әдебиет көздерін конспектілеу	Конспект Керекті кестелер ж/е т.б. дайындау	Баяндаман ы қорғау	6
2	Тәжірибелік сабақтарға дайындалу, үй тапсырмаларын орындау	Жұмыс дәптері, конспект	Сабаққа қатысу	6

3	Аудиториялық сабақтардың мазмұнына кірмеген материалды зерделеу	Есеп беру	Баяндаман ы қорғау	6
4	Әлеуметтік қызметкердің кодекстеріне қатысты щетел және отандық әдебиеттердің талдауы	Конспект	коллоквиу м	6
5	Бақылау іс-шараларына дайындалу	Конспект	Аралық және қорытынды бақылау (тестілеу, емтихан)	6
Барлығы:				30

3.6. Сырттай оқу бөліміне арналған СӨЖ мазмұны

№	СӨЖ түрі	Есеп беру түрі	Бақылау түрі	Сағат көлемі
1	Тақырып бойынша әдебиет көздерін конспектілеу	Конспект Керекті кестелер ж/е т.б. дайындау	Баяндаман ы қорғау	6
2	Тәжірибелік сабақтарға дайындалу, үй тапсырмаларын орындау	Жұмыс дәптері, конспект	Сабаққа қатысу	6
3	Аудиториялық сабақтардың мазмұнына кірмеген материалды зерделеу	Есеп беру	Баяндаман ы қорғау	6
4	Әлеуметтік қызметкердің кодекстеріне қатысты щетел және отандық әдебиеттердің талдауы	Конспект	коллоквиу м	5
5	Бақылау іс-шараларына дайындалу	Конспект	АБ 1 (тестілеу)	7

3.7. Студенттердің өзіндік жұмыстарының үлгі жобасы

1 тақырып. Этнопедагогиканың тарихи даму жолы. Этнопедагогика ілімінің тірегі – руна жазуы. Білге және Күлтегін ерліктерінің патриоттық маңызы. Ескерткіштегі парасатты ой-толғамдар, даналық нұсқалар (V-VI). Қазақ жерінің ғылым мен мәдениеттің дамуы. XI-XIX ғасырлардағы ақын-жыраулар мектебі (Асан Қайғы, Қазтуған, Бұқар жырау т.б.).

2 тақырып. Тәрбиедегі халықтық принципі ұғымы. Халықтар арасындағы өмір сүру ерекшеліктері, географиялық және тарихи жағдайларының, іс-әрекеттерінің әртүрлілігі. Әрбір халықтың өзіне тән тәрбие жүйесін құруы. Халықтық педагогикасының іспен тәрбиелеуі.

3 тақырып. Ана тілі этникалық тәрбиенің жүйе түзуші негізі ретінде. Ана тілі – этникалық тәрбиенің педагогикалық ролі. Қазақ ауыз әдебиетінің тәрбиелік мәні. Ана тілі – этникалық мәдениетінің бір бөлігі. Ана тілін насихаттаушы ғалым – А.Байтұрсынов.

4 тақырып. Дәстүрлердің педагогикалық ролі. Дәстүрлердің тәлім-тәрбиелік ойлар мен этнопедагогикалық ролі. Салт-дәстүр, ырым, рәсім, жол-жора жөніндегі түсініктер мен ғылыми анықтамалар. Мектептегі әдептілік дәстүрлердің педагогикалық ролі.

5 тақырып. Отбасы тәрбиесі халық педагогикасының негізі. Отбасы тәрбиедегі ұлттық дәстүр. Жастарды отбасы-некелік өмірге даярлаудың негізі – ата-ана өнегесі. Отбасы – халықтық тәрбиедегі негізгі тірегі. Отбасындағы сыйласым дәстүрдің педагогикалық мәні.

6 тақырып. Халық тәрбиешілері. Билердің (Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би) жас ұрпақты шешендікке тәрбиелеуі. Отан сүюдің этностық игі дәстүрі. Кейінгі дәуірдегі халық тәрбиешілердің этнопедагогикалық ойлардың дамуы (А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердиев).

7 тақырып. Мұғалімнің мектептегі этнопедагогикалық жұмысты ұйымдастырудағы ролі. Тұтас педагогикалық процесте халықтық және этнопедагогиканы пайдалану. Оқу пәндерін оқытуда халықтық педагогиканы пайдалану әдістемесі. Ұлттық салт-дәстүр – ұрпақ тәрбиесінің құрамы. Халықтық педагогиканы зерттеуші ғалымдардың тәжірибелерін зерттеу, үйрету, тарату және оны оқу-тәрбие процесінде пайдалану.

8 тақырып. Халық педагогикасы бойынша сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыру жолдары. Халықтық педагогика бойынша кластан тыс жұмысты ұйымдастыру формалары (экскурсиялар, диспуттар, конкурстар және т.б.). Мерекеге және еңбекке қатысты бірлестіктердің халықтық педагогиканы пайдалану.

Выписка из ре
 Форма учебного г
 ПГУ 7.18.1/10
 специальности(ей)



Ф СО

**050119 – Шетел тілі: екі шет тілі
 мамандықтың оқу жұмыс жоспарынан көшірме**

Пәннің атауы: «Этнопедагогика»

Оқу түрі	Бақылау түрі						Сағ. бойынша студенттердің жұм. көлемі			Семестр және курс бойынша сағаттың бөлінуі								ОСӨЖ	
	емтихан	сынақ	КЖ	ҚР	РГР	Бақылау жұмысы	барлығы			Дәріс	Тәж	лаб	СӨЖ	Дәріс	Тәж	лаб	СӨЖ	МБ	сау
							жа лп ы	ауд	СӨЖ										
ЖОБ базасында күндізгі	1						45	15	30	1 семестр				2 семестр					
										7,5	7,5		30						
СПО базасында сырттай	1						45	6	39	6			39					2	3

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

әдебиеттер тізімі:

1. Христова Е.Л. Народная педагогика: историографические и теоретико-методологические проблемы: Автореф. дис ... канд. пед. наук. - М., 1988.
2. Волков Г.Н. Этнопедагогика. - Чебоксары, -1974.
3. Кожухметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. - Алматы: Ғылым, 1998.
4. Этническая педагогика /Под ред. В.А. Пятина и др. - Астрахань, 1995.
5. Әбілова З.А., Калиева К.М. Этнопедагогика. - Алматы, 1999.
6. Жарықбаев К.Б., Калиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. Алматы, 1994.
7. Рудь Ю.А. Методологические и теоретические проблемы изучения народной педагогики (логико-исторический аспект). - М., 1980.
8. Христова Е.Н. Об уточнении понятийного аппарата этнопедагогики. //Советская педагогика N~7, 1989.
9. Ханбиков Я. Некоторые вопросы изучения народной педагогики. М.1966.
10. Измайлов А. Народная педагогика: Педагогические воззрения народов Средней Азии и Казахстана. - М.: Педагогика, 1991.
11. Стельмахович М.И. Народная педагогика. - Киев, 1985.
12. Васильцова ЗЛ. Мудрые заповеди народной педагогики. - М.: Педагогика, 1988.
13. Узакбаева С.А., Кожухметова К.Ж. Концепция этнопедагогического образования студентов высшей школы. - Алматы, 1998.
14. Этнопедагогика материалдарын тәрбие процесінде қолдану. -Алматы, 1998.
15. Мағауова А.С. Подготовка будущего учителя к использованию прогрессивных традиций народной педагогики в учебно-воспитательном процессе общеобразовательной школы: Автореф. дисс. канд.пед.наук. _ Алматы, 1995.
16. Ғабдуллин М. Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес. -Алматы, Мектеп.1966.
17. Ғаббасов С. Халық педагогикасының теориялық және методологиялық негіздері. Алматы, 2002.
18. Жарықбаев В К.Б., Калиев С. Казак тәлім-тәрбиесі.- Алматы, 1995.
19. Этнопсихология және этнопедагогика. Халықаралық ғылыми-теориялық конф.материалдары, Алматы, 2002.
20. Кожухметова К.Ж. Этнопедагогика ~діснамасының даму болашағы. _ Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика, - 2005, N23.

